



Ақмола қаласына көшірілуге жататын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйді жалдаудың үлгі шартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 24 шілдедегі N 1173

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Ақмола қаласына көшірілуге жататын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйді жалдаудың үлгі шарты бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 24 шілдедегі
N 1173 қаулысымен
бекітілген

Астана қаласына көшірілуге жататын мемлекеттік
органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне
мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген
тұрғын үйді жалдаудың
ҮЛГІ ШАРТЫ

Ескерту. Атауы және мәтінінде сөздер өзгертілді - КРУ-нің
1998.11.11. N 1148 қаулысымен.

Астана қаласы

199 жылғы "___"

Тараптар:

Жарғының немесе өзге нормативтік құқықтық актінің негізінде
іс-әрекет ететін:

Жалға беруші _____
(занды тұлғаның атауы)

атынан _____
(лауазымы, аты, тегі, әкесінің аты)

және бұдан әрі Жалға алушы деп аталатын қызметкер _____

(аты, тегі, әкесінің аты, лауазымы, жұмыс орны)
мыналар жөнінде осы Шартты жасасты:

I. Шарттың нысанасы

1. Жалға беруші Жалға алушы мен оның отбасы мүшелеріне
мемлекеттік тұрғын үй қорынан Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй
қатынастары туралы" Заңында көзделген нормалар бойынша пайдалы алаңы
_____ шаршы метр, қосымша алаңы (берілген жағдайда) _____
шаршы метр (егер жоқ болса, сзықша қойылады) мына мекен-жай бойынша
тұрғын үй береді:

(көше, бульвар, даңғыл)
N _____ үй N _____ корпус N _____ пәтер.

2. Қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй (қажетсізі
сзызылып тасталады) жалға алушы негізінде осы тұрғын үй берілген мемлекеттік
қызметте немесе бюджеттік үйымдарда жұмыс істеген мерзімге беріледі.

3. "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 101, 111-
баптарында көзделген жағдайларда, Шарттың қолданылуы көрсетілген тұрғын үй

берілген мемлекеттік қызметтегі немесе бюджеттік ұйымдардағы еңбек қызметі тоқтатылғаннан кейін де жалғастырылған болып саналады.

II. Тараптардың құқықтары

4. Жалға беруші:

- а) Жалға алушы мен берілген тұрғын үйде тұратын оның отбасы мүшелерінен тұрғын үй-жайларды пайдалану, тұрғын үй мен үй алдындағы аумақтарды ұсташа жөніндегі белгіленген талаптар мен ережелерді сақтауды талап етуге;
- б) Жалға алушыдан осы Шарттың 7-тармағының "г" тармақшасында аталған барлық төлемдерді уақтылы төлеуді талап етуге;
- в) осы Шарттың 7-тармағының "д" тармақшасында көрсетілген жағдайлар болған ретте Жалға алушының, оның кәмелетке толған отбасы мүшесінің немесе басқа тұрғынның көзінше тұрғын үйдің тұрғын және қосалқы жайларының конструкциясы мен техникалық құрылғыларының жай-күйін тексеруге, тек Жалға алушының үй-жайынан ғана жүргізуі мүмкін үйді жөндеу немесе ортақ мүлікті ауыстыру жұмысын жүргізуға құқылы.

5. Жалға алушы:

- а) өзі алғып отырған тұрғын үйге өз отбасының кәмелетке толған мүшелерінен жазбаша келісім ала отырып, өзінің жұбайын, балаларын, ата-анасын, басқа адамдарды тұрғызуға (ата-аналарын, өздерінің кәмелетке толмаған балаларын тұрғызуы үшін отбасының басқа мүшелерінің келісімі талап етілмейді);
- б) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй берген мемлекеттік органдың келісімімен алғып отырған тұрғын үйін айырбастауға;
- в) уақытша болмаған жағдайда өзінде және өз отбасының мүшелерінде тұрғын үйді пайдалану құқықтарын сақтап қалуға құқылы.

Бұл ретте Жалға алушының отбасы мүшелері осы Шарт бойынша құқықтарды жүзеге асырып, міндеттерді орындауды.

г) авариялық немесе адам денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін өзге төтенше жағдайларда Жалға берушіден тұрғын үйдің конструкциялары мен техникалық құрылғыларының жай-күйін жоспардан тыс тексеруді және қажет болған жағдайда оларды жөндеуді талап етуге;

д) Жалға беруші 6-тармақтың "а" және "б" тармақшаларында көзделген міндеттерін орындаған кезде қызмет көрсету, үйді жөндеу мен коммуналдық қызмет көрсетулер үшін төлемдерді қайта есептеуді талап етуге;

е) қызметтік тұрғын үйге теңестірілген мемлекеттік тұрғын үйді немесе оның бір бөлігін Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Занында көзделген шарттар бойынша қайта жалға беруге;

ж) тұрғын үйді қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіп және шарттар

б о й ы н ш а

ж е к е ш е л е н д і р у г е

құқылы.

III. Тараптардың міндеттері

6. Жалға б е р у ш і :

- а) Жалға алушыға мемлекеттік тұрғын үй қорынан қаланың ішінде орналасқан, тұруға жарамды күйдегі, белгіленген техникалық, санитарлық, өртке қарсы және басқа да міндетті талаптарға жауап беретін тұрмысқа жайлы тұрғын үй беруге;
- б) үйді және жалға берілген тұрғын үйдің техникалық құрылғыларын ұстауды тұрғын үйлер мен үй алдындағы аумақтарды пайдалану мен ұстау талаптары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асыруға;
- в) коммуналдық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

7. Жалға а л у ш ы :

- а) егер осы Шарттың ерекше жағдайларында өзгеше көзделмесе, берілген тұрғын үйді мақсатқа сай пайдалануға;
- б) тұрғын үйлер мен үй алдындағы аумақтарды пайдалану мен ұстау талаптары мен ережелерін сактауға;
- в) жалға берілген үйдің элементтерінің анықталған ақаулары туралы Жалға берушіге дер кезінде хабарлауға;
- г) тұрғын үйді пайдаланғаны үшін және коммуналдық қызмет көрсетулер үшін есепті айдан кейінгі айдың соңғы күнтізбелік күнінен кешіктірмей белгіленген мөлшерде төлем жасауға;
- д) алдын ала жіберілген жазбаша құлақтандыру алған кезде тек Жалға алушының үй-жайынан ғана жүргізілуі мүмкін ортақ мұліктің жай-күйін тексеру, ортақ мұлікті жөндеу немесе алмастыру қажет болса, Жалға алушы не басқа бір тұрғын алып отырған тұрғын үйіне Жалға берушінің өкілін жіберуге міндеттенеді.

Авариялық немесе адам денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін өзге төтенше жағдайларда Жалға алушы немесе басқа бір тұрғын алдын ала құлақтандырусыз-ақ тұрғын үйіне кіруге рұқсат беруге міндетті.

IV. Тараптардың жауапкершілігі

8. Жалға беруші Жалға алушыға осы Шарттың 6-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауы нәтижесінде келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша өтейді.

9. Жалға алушы Жалға берушіге осы Шарттың 7-тармағының "а", "б" және "д" тармақшаларында көзделген міндеттемелерді орындауы нәтижесінде келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша өтейді.

V. Шартты өзгерту мен бұзудың негіздері

10. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалға алу шарты Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңында көзделгеннен басқа жағдайларда тек Жалға алушының, оның кәмелетке толған отбасы мүшелерінің және Жалға берушінің келісімімен ғана өзгертиле алады.

11. Шарт Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 101-бабының 5-тармағында көзделген негіздер бойынша жұмыстан босатылғаннан басқа жағдайларда, мемлекеттік қызметші немесе бюджеттік ұйымның қызметкері мемлекеттік қызметтегі немесе бюджеттік ұйымдағы өз жұмысын (негізінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй берілген) тоқтатқан жағдайда бұзылады.

12. Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы"

Заңында көзделген негіздер бойынша Жалға алушы мен оның отбасы мүшелерінің үйді босатуы еңбек қатынастарын тоқтатқан сэттен бастап бір айдан бұрын талап етіле алмайды.

13. Жалға алушыны басқа жағдаяттар бойынша үйден шығарудың шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының зандарымен реттеледі.

VI.

Ескерту. VI-тaraу алынып тасталды - ҚРЫ-нің 1998.11.11. N 1148 қаулысымен.

P 9 8 1 1 4 8 _

VII. Қосымша шарттар

16. Осы Шартты орындау кезінде туындаған даулар сот тәртібімен шешіледі.

17. Осы Шарт екі данада жасалады және Жалға беруші мен Жалға алушыда сақталады.

18. Тұрғын үйді жалдағаны, тұрғын үйге қызмет көрсету мен жөндеу, коммуналдық және басқа да қызмет көрсетулер үшін белгіленген тарифтер Жалға беруші ұсынған есепте көрсетіледі.

VIII. Ерекше шарттар

19. Жалға беруші Жалға алушының келісімімен шарттық
қатынастардың мынадай ерекше жағдайларын атап көрсетеді: _____

IX. Шарттың қолданылу мерзімі

20. Мемлекеттік орган немесе бюджеттік үйым қызметкерінің
мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй жалдау шартының қолданылу
мерзімі негізінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй берілген
енбек қатынастарының күшінде болу мерзіміне сәйкес айқындалады.

Жалға беруші

Жалға алушы

(қолы)

(қолы)

М.О.